



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ





**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

**ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
ЭЛЕКТРОНДЫ КӨРМЕ**

Алматы

2021



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ 100

ЭДЕБИ ҮДЕРІС АВТОРЛАР КІТАПТАР ЖАНРЛАР КЕЙІПКЕРЛЕР БЛОГТАР АРНА



Төреқұл Нысанбек (1921–2008)

28 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданының Досан ауылында (қазіргі Алғабас) туған.

Он бір жасынан әке, шешеден жетім қалып, Түркістандағы балалар үйінде тәрбиеленген.

1941 жылы ҚазМУ-дің 1 курсінен майданға аттанған. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия жауынгерлерімен бірге Мәскеу түбіндегі ұрыстарға қатысқан. Жараланып елге оралған ол Досан ұжымшарында бухгалтер, Арыс қаласында Халық судьясы, кейін «Оңтүстік Қазақстан», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінің редакцияларында қызмет істеген.

★ Рейтинг: 2.000

Өмірбаяны

Кітаптар

Аудио



1960 жылы Алматы Жоғары партия мектебінің журналистика факультетін бітірген. 1961 жылдан Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарған. 1964 жылы кандидаттық, 1984 жылы докторлық диссертация қорғаған. Осы институтта қазақ әдебиеті тарихының 6 томдығына және басқа ғылыми жинақтарға қатысты. Жамбыл, Кенен, Үмбетәлі, Есдәулет, Орынбай тәрізді 500-ге таяу ел ақындарының өмір тарихы мен өлең, жырларын жинады. 70-жылдары «Қазақ кеңес энциклопедиясында» сөзтізбе бөлімінің меңгеруші қызметін атқарды. Қазақтың жүздеген би-шешендері жөнінде 4 кітап жариялады.

1996 жылы Жамбыл атындағы халықаралық сыйлық берілді. Екінші дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және он шақты медальмен марапатталған.

Шығармалары: Қазақтың қанатты сөздері. А., «Жазушы», 1960, 1977; Современный казахский фольклор. А., «Мектеп», 1982; От кешу. «Қазақстан», 1982; Қырық хикая. «Жалын», 1985; Жүз жасаған бәйтерек. А., «Жалын», 1989; Сырлы семсер (ак. М.Қаратаев 80 жаста). А., «Жазушы», 1990; Алатау асқарынан жыр асырған. «Ғылым», 1996; Қазақтың жүз шешені. (1-кітап). «Алтын адам», 1992; Қазақтың жүз шешені. (2-кітап). «Жалын», 1993; Қазақтың жүз шешені. (3-кітап). «Қазақстан», 1995; Билер сөзі – ақылдың көзі. (4-кітап.) «Қазақстан», 1996.



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛҰЛЫНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНІНЕ 100 ЖЫЛ ТОЛДЫ



Нысанбек Төрекұлұлы - Ұлы Отан соғысының ардагері, бірінші топтағы мүгедегі, көрнекті әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, жамбылтанушы, жазушы, қазақтың жыраулары мен би-шешендерінің өмірін, өнері мен өнегесін зерттеп, зерделеуші, дала ділмарларының шежірешісі. Ол - Қазақстан журналистер одағының, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты. 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерімен, оншақты медалмен наградталған. Нысанбек Төрекұлұлының Ұлы Отан соғысының қан майданында көрсеткен ерлігі, қазақ әдебиеттануына, қазақ фольклористикасына, билер дәуірі әдебиетін зерттеуге сіңірген еңбегі ұмытылмайды.




ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУШЫЛАРЫ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ



ТӨРЕҚҰЛ Нысанбек (28. 8.1921, Оңт. Қазақстан обл. Бөйдібек ауд. Алғабас а.) – филол. ғыл. докт. (1984). Түркістандағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Орта мектепті бітірген соң (1940), 1941 ж. С.М.Киров атынд. Қазақ мемл. ун-тінің 1-курсінде оқып жүрген жерінен майданға аттанып, Ұлы Отан соғысына қатысады (1941–43). Мәскеу түбіндегі ұрыстарда жараланып, елге оралған соң, ауылда есепші (1943–48), Арыс аудандық сотында халық судьясы (1949–55), «Оңтүстік Қазақстан» (1955–56), «Социалистік Қазақстан» (1960) газеттерінде әдеби қызметкер, Қазақ Совет энциклопедиясында редакция меңгерушісі (1968–72), Қазақ КСР ҒА М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1961–67, 1972–84) қызметтерін атқарды. 1986 жылдан өмірінің соңына дейін аталған ин-та ғыл. ке-

ңесші болды. Алматы Жоғары партия мектебін журналистика мамандығы бойынша бітірген (1960). 1965 ж. «Қазақ әдебиетіндегі нақыл сөздер» деген тақырыпта канд., 1984 ж. «Қазақ совет фольклорының жанрлық структуралық ерекшелігі» бойынша докт. дисс. қорғаған. Т. қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, «Қазақтың қанатты сөздері» (1959), «Сөз тапқанға қолқа жоқ» (1964), «Қанатты сөздер» (1977), «Қырық хикая» (1985), «Қазақтың жүз шешені» (1-кіт., 1992), «Қазақтың жүз шешені» (2-кіт., 1993), «Қазақтың жүз шешені» (3-кіт., 1995), «Билер сөзі – ақылдың көзі» (4-кіт.,



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)



ТӨРЕҚҰЛ НЫСАНБЕК

1921 жылы 28 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөйдібек ауданының Досан ауылында (қазіргі Алғабас) туған.

Он бір жасынан әке, шешеден жетім қалып, Түркістандағы балалар үйінде тәрбиеленген.

1941 жылы ҚазМУ-дің 1 курсінен майданға аттанған.

Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия жауынгерлерімен бірге Мәскеу түбіндегі ұрыстарға қатысқан. Жараланып елге оралған ол Досан ұжымшарында бухгалтер, Арыс қаласында Халық судьясы, кейін “Оңтүстік Қазақстан”, “Социалистік Қазақстан” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) газеттерінің редакцияларында қызмет істеген.

1960 жылы Алматы Жоғары партия мектебінің журналистика факультетін бітірген. 1961 жылдан Қазақ КСР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарған. 1964 жылы кандидаттық, 1984 жылы докторлық диссертация қорғаған. Осы институтта қазақ әдебиеті тарихының 6 томдығына және басқа ғылыми жинақтарға қатысты. Жамбыл, Кенен, Үмбетәлі, Есдәулет, Орынбай тәрізді 500-ге таяу ел ақындарының өмір тарихы мен өлең, жырларын жинады. 70-жылдары “Қазақ кеңес энциклопедиясында” сөзтізбе бөлімінің меңгеруші қызметін атқарды. Қазақтың жүздеген би-шешендері жөнінде 4 кітап жариялады.

Т

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫ XX ҒАСЫР



АНЫҚТАМАЛЫҚ





ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

Еңбектері





ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100





ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)

- * Белгілі фольклоршы Нысанбек Төреқұлов өзінің «Алатау асқарынан жыр асырған» (1966 ж.) деген кітабында Жамбылдың ақындық пырағына қол артқан жас шағында Қаратауға келіп, бұл елдің атақты жүйріктері Майлымен, Құлыншақпен кездесіп, бата алғанын сөз етеді. Осы еңбегінде Нысекең Жамбыл Құлыншақтан «Ер Шора», «Қыз Жібек» жырларын тыңдағанын жазады (Көрсетілген кітап, 60-62-беттер). «Кешкілік ас-судан кейін сөзді Құлыншақ алды. Ол бұл кеште «Қыз Жібек» хикаясын шертті. Қособаның басында Бекежан қолынан мерт болған Төлегеннің аспандағы алты қазбен қоштасқан зарын егілте әуендеткенде отырған қария, кейуаналар көзіне жас алды. Бұл қиссаны Жамбыл ынта қоя тыңдаған. Құлыншақтың «Қыз Жібекті» домбыра, сырнаймен кезек-кезек сүйемелдеп, әртүрлі әнге салып орындағанына қызықты. Мұндай жыршыны бұрын-соңды көрмепті» (Аталған кітап, 62-бет). Бұл мағлұматтар ақын Құлыншақтың әрі жыршы болғанын әйгілейді.

* Академик Рахманқұл Бердібаев



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ


НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)

*

Гүлжаһан Орда, филология ғылымдарының докторы, профессор:





**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100



- * **Нысанбек Төрекүлұлы 1941 жылы КазГУ-дің бірінші курсынан майданға аттанды. 8-ші гвардиялық панфиловшылар дивизиясы құрамындағы зеңбірекшілер тобының командирі ретінде аға лейтенант шенінде қиян-кескі ұрыстарға (1941-1943) қатысты. Осы ұрыстардың бірінде ауыр жараланып, елге оралды.**



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100



- * Мен 1921 жылдың тамыз айында дүниеге келіппін. Әкем Төрекүл Шаян медресесінің софысы, шешем Жібек Бабатадағы Сүлгетай жұртынан, өзі тәуіп екен.
- * Мен шыр етіп жерге түскенде үй тола софы, ишандар отырады. Аппақ ишан пірөдар үлкен ақ көйлегінің етегіне қызыл шақа мені салып алып, ары-бері шайқап, шайқап жіберіпті де:
- * - Мә, келін, балаң бақытты, өмір жасы ұзақ болсын, - деп, анамның алдына аудары салыпты.

* Нысанбек Төрекүл




ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)



- * 11 жасымда әкеден, 12 жасымда шешеден айрылып, тұл жетім болып қалдым. Бұл 1932-1933 жылдары болатын. Жалғыз ағам Бектас Ащысайда шахтада істейді. Ол да жалғыз басты.
- * Менің жетім балалар үйінде оқып, тәрбиеленген жылдарым басталды.
- * 1938 жылдың көктемінде біздің интернатқа кәдімгі атақты Жамбыл атамыз келді... Жәкең ақ сақалы желпілдеп біраз өлең айтты. Біз де қарап қалмадық. Әуелі Сатан Жақыпов, онан соң мен өлең оқыдым. Жамбыл атамыз Сатан екеуміздің басымыздан сипап, маңдайымыздан сүйді, арқамыздан қағып, батасын берді.

* Нысанбек Төреқұл



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)



- * Ол кездегі тәлім-тәрбие, оқу тіптен басқаша еді. Сенікі, менікі деген болмайтын, бір үзім қара нанды қақ бөліп жейтінбіз. Ары жат, бері жат деген жоқ. Ішіне сабан тыққан матрац төселген бір кереуетте егіз қозыдай бірге жататынбыз.
- * Сәуірбек екеуміз өлең жазатынбыз. Сәуірбек жас кезінен бірбет, қайсар, алған бетінен қайтпайтын, әрқашан тура, кесіп айтатын жан болды.
- * Қырқыншы жылдары қырғын соғыс кезінде екеуміз бір майданда, Москва түбінде болдық. Подол қаласындағы әскери училищені бітіріп келген ол дивизия штабында байланысшы офицер еді.

* Нысанбек Төреқұл



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)



- * Қазақ мемлекеттік университетіне (КазГУ) түсіп, оқи бастадық. Бұл – 1940 жылдың қыркүйек айы. Бір күні жасымыз 18-ге толған бір топ баланы қалалық әскери комиссариат шақырды. Ертеңіне жаңадан жасақталып жатқан 1225-атқыштар полкіне апарып қосты. Мен осы полктың 6-ротасында 45 ммлік зеңбіректі меңгеріп алдым. Зеңбіректе жеті артиллерист істейді. Мен – солардың командирімін.
- * Біздің полк тиелген эшалон Мәскеуге қырық бірінші жылдың желтоқсан айында жетіп, Нахавино темір жол станциясына түсті.

* Нысанбек Төекұл



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100

- * Бородино үшін болған қиян-кескі қан майданды көзбен көрген солдаттың бірі – менмін. Ондағы, әсіресе, Бауыржан мен Мәліктің орасан батырлығы әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді.

- * Нысанбек Төреқұл





ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100

<https://tengrinews.kz/pobediteli/veteran/314/>



**Турекулов
Нысанбек**

Род войск
Артиллерия

Звание
Старший лейтенант

Год призыва
1941

Место призыва
Алматы

Нысанбек Турекулов - доктор филологических наук, лауреат Международной премии Жамбыла, писатель, энциклопедист, исследователь казахского народного творчества.

В 1941 году он был призван солдатом состава запаса 1-й категории ВУС, в 1942 году он стал старшим лейтенантом, затем командиром расчета 45-мм противотанкового орудия, в 1995 году ему было присвоено очередное военное звание капитана.

Служил в рядах Советской армии и участвовал на фронтах Великой Отечественной войны в составе 8-й Гвардейской Панфиловской дивизии. 16 декабря 1941 года 1225-й стрелковый резервный полк, прибывший на станцию Нахабино близ Москвы, был расформирован по полкам, батальонам 8-ой Гвардейской Панфиловской дивизии. 6-я рота была принята в состав 30-го гвардейского полка, бывший 1077-й, под командованием полковника Шехтмана. Сражался Нысанбек Турекулов с врагами Родины на подступах Москвы и Калининском фронте.

Будучи командиром расчета 45-мм противотанкового орудия, находился на передовой линии и принимал участие в наступательных и оборонительных боях за Москву. Участвовал в боях за освобождение городов Калинин, Клин, Вязьма, Брянск, Смоленск, Холм, Гжатск, Ржев и многих других городов и деревень. Между Холмом и Ржевом был тяжело ранен и отправлен в тыл на лечение.



**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100



- * Штабта біздің бәрімізді қырғын соғыста қаза болды деп туған ауылымызға «қара қағаз» жіберіп қойған екен. Біз үйді-үйімізге хат жазып, қоршаудан аман-есен шыққанымызды айттық.
- * Осылайша бір өліп, бір тіріліп жүріп, өз ротамызға жетіп, қайтадан сапқа тұрып, жауға қарсы шабуылға шықтық.
- * Нысанбек Төреқұл



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100



- * Жанталасып атысып жатқанымызда, немістердің бір снаряды біздің батареяның дәл алдына түсіп гүрс ете қалды. Не болғанын білмейміз. Біраздан кейін есімді жинап, бсымды көтерсем, Кравченко анадай жерде сұлап жатыр. - Михаил! – десем, үн қатпайды. Батареяның алды ор болып қалыпты. Ұңғысы майысып, жантайып жатыр. Орнымнан тұра берем деп, омақаса құладым. Қан қызулық екен. Сол аяғым басуға келмеді. Аяқ жағымды сипалап қарасам, сол жақ саным даладай, сүйегі сынып кетіпті. Оң аяғымның жарасы жеңілдеу көрінеді.

* Нысанбек Төрекүл



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100



- * Бөктер жолмен ақсандай басып келемін.
Сол қолтығымда балдақ. Оң қолымда
басы доғал таяқ. Артым – майдан,
алдым – ауыл.
- * Таң ата бере Түркістан – Ащысай
арасында кен таситын кішкене поезбен
келіп, Ойық станциясынан түскенмін.
- * «Беген ағаш» басына шыға беруім мұң
екен, төбе етегіндегі шөп жинап жүрген
ауыл адамдары: «Солдат келеді, солдат!»
– деп, бәрі маған қарай жапа-тармағай
жүгірсін...
- * Жұдырықтай жүрегім аласұрып
тулайды. Көзімнен жас та шығып кетті...
- * Нысанбек Төреқұл



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100

Қазақстан Жоғарғы сот коллегиясының мүшесі заңгер Әшім Нарбеков - маған жақын туыс. Бүгінде дербес зейнеткер. Әшім менен бес жас кіші. 1947 жылы армиядан келді, содан соң Алматыдағы екі жылдық заң мектебіне оқуға түсті. Бір жылдан соң мен де сол мектепке оқуға қабылдандым. Әшім 2-курсінде, мен 1-курсінде оқи бердік.

Нысанбек Төреқұл



Ә.Нарбеков, Н.Төреқұл



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100



- * Ғалым кеңестік дәуірдегі қазақ кеңес фольклорының даму проблемаларын жан-жақты тереңдете зерттеп, «Қазақ совет поэзиясының жанрлық ерекшеліктері» (1979) атты монографиясын жазды. Бұл еңбек – кеңестік кезеңдегі қазақ ауыз әдебиетін тұтастай алып, жанрлық тұрғыдан саралаған бірден-бір іргелі еңбек.
- * Профессор Дандай Ысқақұлы





ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100

*

Жамбыл туралы
естеліктер / Құрастырған, тиісті тарауларын жазған Н. Төреқұл





ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)

*** Ғалымның зерттеу нысаны болған әдеби үлгілер - халықтың ауызша авторлық әдебиетінің баға жетпес асыл байлығы. Көлдей шалқып, теңіздей толқып жатқан осы байлықты жинап, төкпей-шашпай халық игілігіне ұсыну, баспадан бастырып шығару әлеуметтік маңызы зор қажеттілік еді. Зерттеуші бұл бағытта тапжылмай жұмыс істеп, үлкен табыстарға жетті. «Қазақтың қанатты сөздері» (1959), «Сөз тапқанға қолқа жоқ» (1964), «Қанатты сөздер» (1977), «Қырық хикая» (1985) кітаптары осы салада орындалған орасан аумақты жұмыстардың алғашқы нәтижелері болатын.**

*** Абай ғылыми-зерттеу институты**




ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)



- * Нысанбек Төреқұл қазақтың ілгеріде өткен билері мен шешендерінің, әдет заңын жасаушы және сақтаушы тарихи тұлғалардың шешендік, билік сөздері мен ғибратты істерін қамтитын ауызша әдебиет ескерткіштерін, ел аузындағы аңыздарды жылдар бойы жалықпай жинап, тарихи талқыдан өткізіп, тура таразылап, әдеби үлгіге түсірді, шығармашылық дара машықпен жазып, энциклопедиялық сипаттағы іргелі еңбегін аяқтады. «Даланың дара ділмарлары» еңбегінің танымдық, тағылымдық, тарихы мәні өлшеусіз зор.

* Профессор Жанғара Дәдебаев



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100


(28.08.1921-22.11.2007)

Нысанбек Төреқұл:

БИ-ШЕШЕНДЕРДІҢ АРУАҒЫНА БАҒЫШТАУ

Қазақта би-шешендер ерекше тұлға. Ерекше тұлға дейтін себебіміз, бұрын-соңды қазақтан басқа халықтарда мұндай тұлға, мұндай елді аузына қаратқан адамдар болған емес. Шығыс халықтары арасында біздің билерімізге ұқсас бірлі-жарым болуы мүмкін, бірақ олар дәл қазақтағыдай еместін. Демек би-шешендер тек қазаққа ғана тән құбылыс. Олар айтқан билік, шешендік сөздер тек қазақ арасында кездесетін халықтық асыл қазына болып табылады.

Бізде билер тарихы ертеден басталады. Кейбіреулер оны хандар дәуірінен деп жүр. Ол бекер. Тіптен сонау б.з.б. II-III ғасырлардағы Нәнді би (б.з.б. 177ж. қайтыс болған) Елсау би (б.з.б. 177-104), Онқай би (б.з.б. 93-60), Майқы би Мәнұлы (б.з.б. 178-89) тәрізді баба билер өмір сүріп, аты осы күнге дейін жеткен жоқ па?! Мұндай билер оғыз, қыпшақ, керей, қанлы, қатаған, сіргелі т.б. тайпа, ұлыстарда да болды.





ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100

Алланың бұйрығы шығар, Алмаш қызға кездестім...
Екеуміз тұрмыс құрғанымызда, Алмаштың Әділ деген
туған ағасы, қасында екі жеңгесі бар қуғыншы болып
келді.

- Қалыңмалсыз болса да, кәдесіз қыз жоқ деген.
- Уәжге келместен, бір түнде қызымызды алдың да
қаштың.
- Ойбай-ау, әлі онекіде бір гүлі ашылмаған, жасы
он сегізге толмаған біреудің қызын алып қашуыңа
жол болсын?
- Қызымызды алып кетеміз.
- Көнбесен, сотқа береміз.

Менде үн жоқ. Осылай дел-сал болып отырғанымда,
шай құйып отырған Айнаш сөйледі:

- Тоқтай тұрыңдар! Өзі соғыстан кеше ғана
оралған, оқ тескен, шешесінен басқа дымы жоқ
солдат сендерге несін берсін! Мен осы солдатты қалап
келдім. Болды. Енді маған қайту жоқ, түсіндіңдер ме...
Құда-құдағилар тым-тырыс бола қалды.





**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)

- * **Жеңіс күні кездескен Ұлы Отан соғысының ардагерлері.**
- * **Оңнан солға қарай бірінші тұрған Нысанбек Төреқұл.**





**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)



**Майкөт Сандыбайұлы
Әулие-ата, Жетісудағы
ақындардың ағасы
іспетті саналған.
Ә.Диваев оны:
«Қаратаудың күллі
маржанын алқа етіп
тағып алған ақын», - деп
бағалаған.**

Н.Төрекұлов



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100

Ғалым жанұясында



Солдан оңға қарай: 1-қатарда қызым Азмажан (6.06.1959), математика ғылымының кандидаты, Зайыбым Азман (8.03.1927), Менің алдымда отырған кеші қызым Шарипат (28.08.1966), биология ғылымының кандидаты, Сол жағымда отырған ортанның қызым Салтанат (31.04.1961), оның қасында отырған үлкен қызым Тамарахан (21.01.1957), 2-қатарда түрегеп тұрғандар: ұлдарым: Қансейіт (19.09.1947), Бексейіт (3.04.1950), Тұймехан (20.03.1955), Қалсейіт (30.01.1953). Фото 1980 ж.



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)



- * **Нысекең** кандидаттық диссертация қорғағанда, ғылыми кеңестің төрағасы академик **Ахмет Жұбанов**, бірінші оппоненті академик **Мәлік Ғабдуллин**, екінші оппоненті **Сайділ Талжанов** болған. Докторлық диссертация қорғағанда, бірінші оппоненті мәскеулік ғұлама **З.С. Кедрин**, екінші оппоненті профессор **Әуелбек Қоңыратбаев** болды.
- * **Бұлар** сол кездегі аса ірі ғалымдар еді. **Нысекең** осындай атақты ғалымдармен қызметтес, пікірлес, қанаттас болды.

* **Аян Нысаналин**



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100



Нысанбек Төрекүл

«ХАЛЫҚ – МЕНІҢ ШЫН АТЫМ»

Жамбыл шын мәнінде халық ішінен қайнап шыққан нағыз халық ақыны еді. Өзі де айтады ғой: «Жамбыл деген – жай атым, халық – менің шын атым», - деп. Осы – дәл айтылған сөз. Бір сәт ақыл-санаға салып, ой жіберіп қарайықшы. Жамбыл бойынан, оның өлең-жырларынан өзінің туған қазақ халқына тән кеңпейілдік пен дархандықтың, адалдық пен адамгершіліктің, қарапайымдылық пен қайсарлықтың, ашық-жарқын ақ көңілділіктің, ынтымақ пен бірліктің, өлең-жырды ағыл-тегіл төге жырлайтын ақындықтың, алғырлық пен тапқырлықтың небір сиқыр күдіретін табамыз.



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)

* *Олардың даңқы өшпейді.*

* *Нысанбек Төреқұл бірінші қатарда ортада отыр*





ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ

100

(28.08.1921-22.11.2007)

*** Дерек көздері**

- * 1. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті кітапханасының қоры
- * 2. <https://tengrinews.kz/pobediteli/veteran/314/>
- * 3. Абай ғылыми-зерттеу институтының электронды ресурстар базасы
- * 4. Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхана <http://kazneb.kz/>



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛ
(28.08.1921-22.11.2007)

100

- * **Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**
 - * **Абай ғылыми-зерттеу институты**
 - * **Алматы**
 - * **2021 жыл**
 - * **05.08**